# МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ»

**Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда» деген сөз жолдары Қазақстанның жас азаматтарына арналған болатын.**

Мамандық – әрбір адамның болашағы, сондай-ақ шаруашылық көзі болып табылатын сүйікті іс. Кез келген адам өз мамандығына құрметпен қарайды емес пе? Мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Болашақта үлкен мамандық иесі болатынын армандамайтын бала болмайды. Мектеп партасында отырғанда «кім боласың?» деген сұрақтарды көп еститін едік. Сонда бала арманында шек бар ма? Мектепті бітіре сала жоғарғы оқу орнында дәл сен қалаған мамандық құшақ жая қарсы алардай көрінетін. Сөйтсек біз елемеген мәселелер көп екен. «Өмірде өз орныңды табу үшін маман болу керек», дегенді де естігенім бар. Содан болар жас түлек болып ұшарында «мамандық таңдауда шатаспа», деп жатады. Қанатың қатаймай өмір жолында қандай да бір шешім қабылдау оңай емес екендігін мойындау керек. Өйткені балалық шағында сол мамандықтың тек қаймағына құштар болатыны сөзсіз.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жұмыс берушілердің ғаламдану шартындағы әлемдік нарық шартының өзгеруіне бейімделген, заманауи техника және технологиямен жұмыс жасай білетін, ойлау қабілеті жетілген мамандарға қажеттілікті қанағаттандыру үшін жұмыс жүргізуде. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндеосы бағыттағы мамандарды даярлауда «Механика және мұнай газ ісі» факультетіндегі «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасымен жұмыс берушілердің шартындағы әлемдік нарық шартының өзгеруіне бейімделген, заманауи техника және технологиямен жұмыс жасай білетін, ойлау қабілеті жетілген мамандарға қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында білікті мамандарды дайындайды.

2016-2017оқу жылынан бастап Қазақстан РБҒ Министрлігінің шешіміне сәйкес 5В073200– «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандығы екіге бөлінді, қазіргі таңда кафедрада 6В07510-«Стандарттау және сертификаттау», 6В07513 - «Метрология» бакалавр мамандықтарын әзірлейді, ал магистрлерді дайындау барысында 7М07510–«Стандарттау және сертификаттау», 7М07513–«Метрология» мамандығы бойынша жүзеге асырылады. Даярлау білім бағдарламасы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Аталған мамандықтар еліміздің заманауи даму кезеңінде сапа бәсекеге қабілеттілікті жоғарлату және кәсіпорынның экономикалық өсуі үшін анықтаушы фактор ретінде қарастырылады. Стандарттау және сертификаттау мамандығы өнімнің қауіпсіздік талаптарына және әр түрлі саладағы сапалы қызмет көрсетудің сәйкестігін растау, ИСО 9000 сериалы стандарттарының ұсыныстарына сәйкес сапа менеджмент жүйесін ендіру және жасау саласындағы қызметтердің қажеттілігін туындатады. Стандарттау және сертификаттау мамандықтары бойынша түлектер еңбек нарығында жоғарғы қажеттілікке ие.

Біздің мамандықты бітіруші түлектер ЖОО аяқтағаннан соңкез келген кәсіпорындар мен түрлі өндіріс орындарында сапа бойынша менеджер, инженер, сарапшы аудитор, стандарттау бойынша инженер,сертификаттау бойынша маман, метролог, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен инспекциялық қызметтерде, мемлекеттік инспектор қызметтерінде қызмет ете алады. Толық ақпараттар:@standard_uku инстаграм парақшасынан ала аласыздар.

**ОТУНШИЕВА А.Е., ТОҚТАБЕК А.Ә.**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының магистр, аға оқытушылары**